

**Организмдердің  
экологиялық жіктелуінің  
маңызы мен  
ерекшіліктері**

# Организмдердің тіршілік формалары

Организмнің тіршілік ету ортасының экологиялық жағдайларына бейімделуін организмдердің тіршілік формалары (экобиоморфа) деп атайды. Бір тіршілік формаларына жататын организмдер әртүрлі экологиялық топтарға жатуы мүмкін. Мысалы, *Asarum europaeum* және *Alchemilla vulgaris* өсімдіктері тіршілік формалары бойынша қысқа тамырсабақты өсімдіктерге жатады. Егер оларды экологиялық классификация тұрғысынан қарастырсақ, мысалы жарыққа байланысты, онда *Asarum* - көлеңке сүйгіш, *Alchemilla* - жарық сүйгіш өсімдік. Ал ылғалдылыққа байланысты екі өсімдік те мезофиттерге жатады.

*Өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік формалары әртүрлі, сәйкесінше олардың классификациялары да әртүрлі. Өсімдіктердің тіршілік формалары туралы ұғымды алғаш рет 1806 жылы неміс ғалымы А.Гумбольдт қолданды.*



***ТІРШІЛІК  
ФОРМАЛАРЫ ДЕП-  
ШЫҒУ ТЕГІ ӘРТҮРЛІ,  
БІРАҚ БІРДЕЙ ЖАҒДАЙДА  
ТІРШІЛІК ЕТЕТІН,  
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-  
МОРФОЛОГИЯЛЫҚ  
БЕЙІМДЕЛУШІЛІКТЕРІ  
ҰҚСАС ОРГАНИЗМ  
(ӨСІМДІКТЕР НЕМЕСЕ  
ЖАНУАРЛАР) ТОПТАРЫН  
АТАЙДЫ.***





# Серебряковтың классификациясы

*Ол тіршілік формасы деп, онтогенез (аналық жұмыртқаның ұрықтанғанынан бастап, тіршілігінің соңына дейінгі особьтың жеке дамуы) кезінде ортаның белгілі бір жағдайларында өсіп-дамыған белгілі бір топтардағы өсімдіктердің қабысуын (организмнің сыртқы көрінісін) айтамыз.*



## Тропиктік ормандар

Тропиктік ормандар – жыл бойы жылы ауа райын сақтайтын аймақтағы биік ағаштар орманы болып табылады. Оған жыл сайын орта есеппен 127-660 сантиметр көлемінде жауын-шашын түседі.

Тропиктік орманды аралап жүрген қыз

Бұл ормандар экваторды қоршаған белдеуде, негізінен, Шаян тропигі (23,5°С С ендігі) және Тауешкі тропигі (23,5°С О ендігі) арасында орналасқан. Бұл 4827 шақырымдық кең белдеу «Тропик» деп аталады. Бір қызығы, жануарлардың көп бөлігі, соның ішінде микроскопиялық жануарлар, жәндіктер мен құрттар, омыртқасыздар, балықтар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, құстар мен сүтқоректілер тропиктік ормандарда өмір сүретеді.


Тропиктік ормандар жер бетіндегі оттегінің 40%-н бөліп шығарады. Біз пайдаланатын көптеген дәрі-дәрмектер тропиктік ормандардан алынады. Хинин ағашынан алынатын хинин дәрісі безгек ауруын емдеу үшін пайдаланылады. «Тропиктік өсімдіктердің 1400-ден аса түрінен обырды емдейтін дәрі жасауға болады» деген жорамал бар. Барлық тропиктік ормандар бір-біріне ұқсайды.



Тропиктік ормандағы гүлдер

Ағаштардың көпшілігінде тегіс, жұқа қабығы болады. Себебі оларды судың азаюынан және аязды температурадан сақтаудың қажеті жоқ.

Тропиктік орман



Тропиктік орман ұзын ағаштардан тұрады



Тропиктік орман



Тропиктік ормандарда көптеген жануарлар өмір сүреді.



## Ғажап деректер

Тропиктік ормандар Батыс Африка, Австралия, оңтүстік Үндістан, Оңтүстік және оңтүстік-шығыс Азияда кездеседі.

Тропиктік және қоңыржай тропиктік ормандар жауын-шашынның мол түсуі нәтижесінде пайда болған.

Қоңыржай тропиктік ормандарға Тынық мұхитынан келетін ылғал ауа жылына 152-507 см жауын-шашын түсіреді.

Бұл орманда топырақ қоректендіргіштерге бай. Төменгі қабат бұта-дар мен шашын ағаштардан тұрады.



Тропиктік орман



Раффлезия



Амазонкадағы тропиктік орман



Тропиктік орманның ұшар басы

## Тыныс - дарман



Ең үлкен тропиктік ормандар қайда орналасқан?

Ең үлкен тропиктік ормандар Амазония бассейнінен, Никарагуадан, Орталық Американың кей бөліктерінен, Камеруннан Конгоға дейінгі экваториялды Африкадан табылған.

Есіңе сақна!  
Тропиктік ормандардағы ағаштардың биіктігі орташа ағаш биіктігінен едәуір үлкен болады.



Углозуб сибирский



Европейская норка



Стрепет



Турлан



Степной орел



Краснозобая казарка



Орлан-белохвост



Могильник



Журавль-красавка



Савка



Белоглазая черныть



Гусь-пискулька



Лебедь клин



Кудрявый пеликан



Лесная куница



Филин



Балобан



Серый журавль



Беркут



Кречетка



Черноголовый хохотун



Сокол сапсан

Жануарлар кез келген жерлерден табылады. Суға үңілсек те, топырақты қазсақ та, аспанға назар аударсақ та, айналаға көз салсаң та жануарлар кездеседі. Қазір ғаламшарымызда 1,5 миллионнан астам жануардың түрі бар деп есептеледі. Қаншама жануарлар түрі жер бетінен жойылып бітті. Ғаламшарымызда жануарлардың түрлері өсімдіктерге қарағанда әлдеқайда көп. Олар сан алуандығымен ерекшеленеді. Соншама жануарларды бірінен-бірін ажырату қиын. Сондықтан оларды топқа бөліп, жіктеп, бір жүйеге келтіру қажет.



**Жүйелеу дегеніміз** - ғаламшарда жойылып біткен және қазіргі кезде кездесетін барлық жануарды белгілі тәртіпке сәйкестендіріп, ретке келтіру. Жүйелеу тобындағы реттелуді ескеріп, бүкіл жануарларды ерекшеліктеріне сәйкес топтастыру жіктеу деп аталады. Жіктеу кезінде жануарларды бірінен-бірін ажырату да олардың құрылысы, тіршілік етуі, мекен орны негізге алынады. Бұрынғы геологиялық кезеңдерде жойылып кеткен және жер ғаламшарында қазіргі кезде мекендейтін жануардың барлығы бір топқа - жануарлар дүниесіне біріктіріледі.

Жануарлар  
дүниесі

біржасушалы

көпжасушалы

**Біржасушалы жануарлардың денесі негізінен бір ғана жасушадан тұрады. Сондықтан олар қарапайым жәндіктер деп аталады.**

**Көпжасушалы жануарлар** ағзасында жасушалар көп болады. Олар әр түрлі қызметтер атқарады. Жасушалардың бір тобы ішкі және сыртқы орталан тітіркендіргіш әрекетін қабылдап, сезімталдық білдіреді. Енді бір тобы дыбыс тербелісін қабылдап, талдау арқылы есту жүйесінің негізін құрайды. Кейбір жасушалар тобы қорғаныш қызметін атқарады. Қорегін іздел табуға жәрдемдесіп, оны қорытуға қатысатын да жасушалар бар. Бірақ бірде-бір жасуша өз ағзасынан тыс өмір сүре алмайды.

Жер беті өсімдіктерінің 500 мыңдай түрі кездеседі. Олардың көпшілігін адам баласы пайдаланады жеке өсіп, молая беруіне жағдай жасап отырады. Олар біздің экологиямыздың сақталуы үшін ғана емес, экономикамыздың дамуында да зор роль атқарады. Сондықтан да, жер үсті өсімдіктерін қорғау — басты міндеттің бірі. Өсімдіктер жердегі өмірдің бірінші кезі. Өсімдіктер табиғатта фотосинтез жүргізу үшін керек. Фотосинтез — күрделі биологиялық процесс, яғни өсімдіктер өздерінің көгілдір пигменті — хлорофилдің көмегімен күн көзінің энергиясын жинап алады да, оның күшімен көміртегі газын және суды өзгертеді. Осының, нәтижесінде мол органикалық қосылыстар түзеді. Мұның өзі күн көзінің энергиясын химиялық байланыстар энергиясына айналдырады.



**Табиғатта жануарлар мен өсімдіктер бір-бірімен тығыз байланысты болады. Жануарлар тек өсімдіктермен қоректеніп қана қоймайды, сонымен қатар оларға пайда да келтіреді. Олар атмосфераны көмірқышқыл газымен байытады, топырақты қиларымен тыңайтады, өсімдіктерді тозандандырады (насекомдар, кейбір құстар) және өсімдіктердің бір ауданнан екінші ауданға таралуына көмектеседі.**